

"Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 122 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 8 мамырдағы № 320 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2025 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 21, 267-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ереже бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережеде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ереже";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстық, қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссия тиісті жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жанынан құрылады.

3. Қажет болған кезде Комиссия аудан орталығынан едәуір қашықтықта орналасқан кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанынан құрылуы мүмкін. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанындағы Комиссия аудандық Комиссияның құқықтары мен міндеттерін иеленеді. Кенттік, ауылдық Комиссияны және ауылдық округ Комиссиясын құру туралы шешімді облыс әкімдігі қабылдайды, ал дербес құрамын тиісті ауданның мәслихаты бекітеді.

4. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия төраға, төрағаның орынбасары, Комиссия мүшелері және хатшы құрамында құрылады. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқаратын кенттік, ауылдық Комиссияны және ауылдық округ Комиссиясын қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады. Хатшы жергілікті атқарушы орган аппаратында (әкімдікте) штаттық лауазымды атқарады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Комиссияның негізгі функциялары";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган алдында жауапты, сондай-ақ жоғары тұрған Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның бақылауында болады және оған есеп береді.

8. Комиссия өз құзыреті шегінде:

1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді;

3) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;

4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға

қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың жай-күйін зерделейді және осы мәселелер бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

5) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар желісінің дамуына жәрдем көрсетеді және олардың қызметінің мониторингін қамтамасыз етеді;

6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтайды және таратады, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

7) мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру жөнінде жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдайды және олардың арасында жетекшілік ететін мәселелер бойынша ақпарат алмасуды ұйымдастырады;

8) кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысады;

9) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған не арнайы білім беру ұйымдары мен ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыруда, сондай-ақ өмірде қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де функцияларды жүзеге асыруда мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді;

10) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы жөнінде жүргізілген жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастырады;

11) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған Комиссиялардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

12) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған Комиссиялардың қызметін үйлестіреді.";

9. Комиссияның негізгі функциялары:

1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда және қорғауда оларға жәрдем көрсету;

2) кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қараусыз, панасыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы анықталған фактілері туралы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды үнемі хабардар ету;

3) өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайдағы кәмелетке толмағандарды анықтау және әлеуметтік оңалту, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қалыпты дене және рухани дамуына теріс әсер ететін немесе оларға қатігездікпен қарайтын ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді белгілеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

4) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына немесе шектелуіне байланысты кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдері мен басқа адамдардың шағымдары мен өтініштерін қарау;

5) белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну;

6) мемлекет көмегіне мұқтаж және өмірде қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды қолдау туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарына ұсыныстар енгізу;

7) кәмелетке толмағандарды физикалық және психикалық күш көрсетуден, қылмыстық кемсітушіліктің барлық нысандарынан, жыныстық және өзге де пайдаланудан, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қоғамға жат іс-әрекет жасауға тартудан қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

8) қылмыстық жауапкершілік жүктелетін жасқа толғанға дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық белгілері бар, қоғамдық қауіпті іс-әрекет фактілері бойынша материалдарды қарау;

9) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдар, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер жұмысының оң тәжірибесін жинақтау және тарату, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

10) балаларды тәрбиелеумен және оқытумен, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының

профилактикасымен айналысатын тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, өзге де органдар мен ұйымдарға:

кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерден босатылған;

арнайы білім беру ұйымдарынан, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан оралған;

әкімшілік жауапкершілікке тартылған;

білім беру ұйымдары тарапынан көмек пен бақылауға мұқтаж басқа да кәмелетке толмағандармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізудің қажеттігі туралы ақпарат жіберу;

11) спирттік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық немесе есеңгірететін заттарды қолданатын кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды тиісті емдік-профилактикалық және оңалту шараларын жүргізу үшін ата-аналарының келісімімен денсаулық сақтау мекемелеріне жіберу;

12) мектеп жасындағы кәмелетке толмағандардың жалпы білім беретін оқу орындарына ұзақ уақыт келмей жүргені туралы білім беру ұйымдары әкімшілігінің ұсынымдарын қарау;

13) кәмелетке толмағандарға және олардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Ережеде көзделген жағдайларда және тәртіппен ықпал ету шараларын қабылдау;

14) арнайы білім беру ұйымының, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, кәмелетке толмағанның көрсетілген мекемелерде болуын мерзімінен бұрын тоқтатуға, сондай-ақ онда болу мерзімін ол қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекет жасаған жағдайларда ұзартуға немесе кәмелетке толмағанның немесе оның заңды өкілдерінің өтініші бойынша оны басқа арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына ауыстыруға байланысты мәселелер бойынша сотқа ұсыным дайындау;

15) кәмелетке толмаған сотталушыны жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы жазаны орындайтын мекеме әкімшілігінің ұсынысын қарау бойынша кәмелетке толмағандар құқықтарының өкілі ретінде сот отырысына қатысу;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың білім беру және мәдениет ұйымдарына, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына, өмірде қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерге, арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау

режимі бар білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау, олардың денсаулығын сақтау жағдайларын тексеру және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында тиісті аумақтарда орналасқан арнайы білім беру ұйымдарына бару (кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ оларды ұстау, оқыту және тәрбиелеу жағдайларын бұзу анықталған жағдайда оларды жою жөнінде ұсыныс енгізу);

17) білім беру ұйымдарында олардың меншік нысанына қарамастан кәмелетке толмағандармен тәрбиелік, құқықтық, білім беру және сауықтыру жұмыстарының жай-күйін зерделеу;

18) кәмелетке толмағандардың Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде – тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуына жәрдемдесу;

19) кәмелетке толмағандардың кепілдендірілген мемлекеттік көмек алуына жәрдемдесу;

20) кәмелетке толмағандардың мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды алуына жәрдемдесу;

21) кәмелетке толмағандардың демалуға, сауықтырылуға және бос уақытын өткізуге құқығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

22) кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;

23) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыруды үйлестіру;

24) кәмелетке толмағандардың отбасында тұру және тәрбиелену құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;

25) қылмыстық құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттің салдарынан дене жарақатын немесе психологиялық жарақат алған кәмелетке толмағандарға жәрдемдесу, денсаулығын қалпына келтіруге және әлеуметтік бейімделуге қажетті көмек көрсету болып табылады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Комиссия қолданатын шаралар";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Кәмелетке толмағандарды орналастыру жөніндегі Комиссия қабылдайтын шаралар:

1) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуге және оқытуға, қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алуға жауапты басқа органдармен бірлесіп, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін

жағдайда орналасқан, өмірде қиын жағдайда жүрген, білім беру ұйымдарына ұзақ уақыт бармаған, мемлекет көмегіне мұқтаж кәмелетке толмағандарды анықтайды, олардың жеке есебін жүргізеді, осы кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды;

2) кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешімді білім беру, ішкі істер, денсаулық сақтау органдарына, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді, олар өз кезегінде екі апта мерзімде қабылданған шаралар туралы Комиссияны хабардар етеді;

3) ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің болмауына, ата-анасының ата-аналық құқығынан айырылуына байланысты арнайы білім беру ұйымдарынан, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан шыққан, тәрбие колониясынан немесе кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерден босатылған кәмелетке толмағанның бұрынғы тұрғылықты жеріне оралуы мүмкін емес немесе қажет болмаған жағдайларда, сондай-ақ кәмелетке толмағанның тәртібіне теріс әсер ететін өзге де себептерге байланысты көрсетілген мекемелердің орналасқан жері бойынша Комиссия кәмелетке толмағанның мүдделерін есепке ала отырып, білім беру ұйымдарына орналастыру немесе еңбекке орналастыру, сондай-ақ ол үшін тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде көмек көрсетеді. Комиссия мәселені кәмелетке толмағанның жазбаша өтініші мен тиісті мекеме әкімшілігінің дәлелді қорытындысы берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Қажет болған жағдайларда кәмелетке толмағанға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу үшін Комиссия тиісті қорғаншылық және қамқоршылық органына жүгінеді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне Комиссия қолданатын ықпал ету шаралары.

Кәмелетке толмағандардың балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын не олардың дене бітімінің және рухани қалыпты дамуына кері әсерін тигізетін ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне Комиссия мынадай ықпал ету шараларын қолдана алады:

кәмелетке толмағандарға келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа өтінішхат беру;

кәмелетке толмағанның өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде кәмелетке толмағанды ата-анасынан немесе оны қамқорлыққа алған өзге де заңды өкілдерінен дереу алып қою туралы, сондай-ақ қорғаншыны немесе қамқоршыны өздерінің міндеттерін орындаудан шеттету туралы, баланы тәрбиелеуге беру туралы шарттың бұзылуы туралы не асырап алуды (қыз бала

асырап алуды) сот тәртібімен жою туралы қорғаншылық және қамқорлық жасау органына өтінішхатпен жүгіну;

ата-аналық құқығын шектеу жөнінде немесе айыру не оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар қолдану туралы өтінішпен он бес жұмыс күні ішінде сотқа жүгіну.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Комиссияның материалдарды қарау тәртібі";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Комиссия отырыстарын өткізу тәртібі.

Облыстық Комиссияның отырысы екі айда бір рет өткізіледі. Қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссияның отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына екі реттен сиретпей өткізіледі және әдетте, ашық болып табылады. Кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында Комиссия қаралатын материалдардың сипатын ескере отырып, іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша жабық отырыс өткізу туралы дәлелді қаулы қабылдай алады.

Комиссия қажет болған кезде істері қаралатын адамдардың оқу, жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша көшпелі отырыс өткізе алады.

Егер Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып табылады. Комиссия отырысына оның төрағасы не оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасының орынбасары төрағалық етеді.

Кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды Комиссия тек кәмелетке толмағанның өзінің, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен ғана қарайды.

Кәмелетке толмағанның тілегі бойынша Комиссия жұмысына қатысуға оның адвокаты жіберіледі.

Комиссия отырысын өткізу күні, орны мен уақыты туралы прокурорды хабардар ету міндетті.

Қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды қарау кезінде отырысқа прокурор шақырылады.

Комиссия отырысының басында төраға қандай материалдар қаралатынын хабарлайды, отырысқа қатысушы адамдармен таныстырады. Содан кейін қажетті құжаттар жарияланады, келіп түскен материалдар, сондай-ақ негізделген шешім қабылдау үшін маңызы бар жағдайлар зерттеледі, өтінішхаттар қаралады, отырысқа қатысушы адамдардың сөзі тыңдалады.

Қаралатын материалдардың мәні бойынша өтінішхаттарды кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері, адвокаты,

материалдарды қарауға қатысушы мамандар, сондай-ақ Комиссияға кәмелетке толмағанға қатысты ұсынымдармен өтініш білдірген адамдар және олардың заңды өкілдері мәлімдей алады. Мәлімделген өтінішхаттарды қарау нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасына енгізіледі.

Комиссия отырысында кәмелетке толмағанға кері ықпал ететін жағдайларды зерттеу кезінде Комиссияның оны залдан шығаруға құқығы бар, бұл туралы Комиссия отырысының хаттамасында жазылады.";

18-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия қаулысына төрағалық етуші және оның хатшысы қол қояды, Комиссия отырысында жарияланады және шағым беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін заңды күшіне енеді.";

20-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы және үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия отырысында Комиссияның хатшысы хаттама жүргізеді, онда:";

"Комиссия отырысының хаттамасына төрағалық етуші және оның хатшысы қол қояды.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Комиссияны материалдық-техникалық қамтамасыз ету".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин